

АСТАНА ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ
«№72 «Жанарым» балабақшасы»
МКҚК

010000, Астана қаласы
Ш.Қосшығұлұлы көшесі 13/3
тел.факс 905158;

ГККП
«Ясли-сад №72 «Жанарым»
АКИМАТА
ГОРОДА АСТАНА

010000, город Астана
улица Ш.Қосшығұлұлы. 13/3
тел. факс 905158;

БҰЙРЫҚ

20 23 ж. «30» 11

ПРИКАЗ

№ 141

Мектепке дейінгі балалар
мекемелерде қызылшаға қарсы
иммундауды өткізу туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексі 38-бабының 1-тармағына, 102-бабының 1-тармағына сәйкес, «Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде оларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер жүргізілетін аурулардың тізбесін, екпелерді жүргізу қағидаларын, мерзімдерін және халықтың профилактикалық екпелерге жататын топтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 қаулысына, «Қызылшаға қарсы санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шаралар жүргізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2023 жылғы 1 қарашадағы № 7 қаулысына сәйкес, балалар арасында қызылшамен сырқаттанушылықтың одан әрі таралуының алдын алу мақсатында, «Астана қаласы Білім басқармасы» ММ-сі мен «Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің 2023 жылғы 30 қарашадағы №2491 және 2023 жылғы 27 қарашадағы №597-ө бірлескен бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің талаптарына сәйкес алгоритмді орындау бойынша іс-шараны әзірлеу медбике Л.А.Байбисеноваға жүктелсін.

2. Вакцина барысын талқылау, проблемаларды анықтау және күшжігерді үйлестіру мақсатында медициналық және педагогикалық қызметкерлерімен тұрақты жиналыс өткізілсін.

3. Иммундау туралы хабардарлықты арттыруға және вакцинаның маңыздылығы мен қауіпсіздігі туралы барлық қажетті акпаратты беруге бағытталған акпараттық науқанды жүргізу барлық топ тәрбиешілеріне және балабақша медбикесі Л.А.Байбисеноваға жүктелсін.


4. Медициналық қарсы көрсетілімдері бар қызылшаға қарсы вакцинамен қамтылған балалардың саны бойынша «Астана қаласының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесіне апта сайын есептік акпаратты тапсыру медбике Л.А.Байбисеноваға жүктелсін.

5. Топтарда егілмеген, егілгені туралы деректері жоқ немесе осы инфекцияға қарсы екінші профилактикалық егуі жоқ жанадан келген және уақытша болмаған балаларды қабылдауға, бір топтан екінші топқа ауыстыруға, мәдени іс-шараларға қатысуға тыйым салынсын.

6. Қарым-қатынаста болған тұлғалар арасында қызылшаға күдікті жағдай тіркелген жағдайда, оларды оқшаулау қамтамасыз етілсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Менгеруші



Ә.Әділбайқызы